

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.05.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – оқытушы М.А.Матеева, АК мүшесі, академиялық персонал – Е.Б. Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы Д.Н.Елжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – М.С. Сейсембекова, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А. Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – М.П. Айдарша, АК мүшесі, академиялық персонал – Якуб Аяғөз, АК мүшесі, академиялық персонал – С.О. Сопбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Т.К. Мустапаева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау;
2. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу;
3. Академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну;
4. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы М.Матеева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау, «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу және сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс – шаралар нәтижесін талдау, академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі, М.С. Сейсембекова, бірінші мәселе бойынша: сапаның сыртқы қамтамасыз етілу рәсімдері жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруда маңызды стратегиялық құрал болып табылады. Бұл рәсімдер университеттің ішкі сапа менеджменті жүйесінен тыс, тәуелсіз аккредиттеу агенттіктері, соның ішінде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі сияқты ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы бағалау механизмдері оқу үдерісінің сапасын бейтарап әрі кәсіби сарапшылардың көмегімен жан-жақты және объективті түрде талдауға мүмкіндік береді. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылатын құжаттар мазмұны мен құрылымы жағынан нақты талаптарға сай болуы және қолданыстағы стандарттарға сәйкес рәсімделуі тиіс. Сонымен қатар, сыртқы бағалау нәтижесінің сапалы әрі толық жүзеге асырылуы көп жағдайда кафедра ұжымының белсенділігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екені атап өтілді.


АК мүшесі, С.О. Сопбеков үшінші мәселе бойынша: «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытынсы бойынша сараптау жүргізу. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы бойынша кафедраға қарасты ББ бойынша 6B02126 Дизайн ББ-сы 24 ЖОО арасынан 12-орынға, 6B02124 Хореография ББ-сы 10 ЖОО арасынан 10-орынға орналасты. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақының төмен болуы есебінен орын алғандығы байқалады. Алдағы уақытта бітіруші түлектермен барынша байланыс орнатып жұмыс жасау үшін жоспарлар құрылды.

Ак мүшесі, Т.К. Мустапаева: Құрметті АК мүшелері сәуір, мамыр, маусым айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Оның ішінде сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды, «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізілді. Жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатқандығын айтқым келеді.

Шешім: Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс-шаралар қабылданын.

АК төрағасы:



М.А.Матеева

Хатшысы:



М.П.Айдарша